


БЕКІТЕМІН
ШҚО білім басқармасы
Өскемен қаласы бойынша
білім бөлімінің «Ақ бота»
балабақша-бөбекжайы»
КМҚК директоры
 С.Б.Саирова



**2023 – 2024 оқу жылына арналған
музыкадан «Ақ қанат» және «Балақан» ортаңғы
топтарының ұйымдастырылған іс-әрекетінің
перспективалық жоспары**

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023 – 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы : ШҚО ББ «Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «Ақ бота» балабақша- бөбекжайы» КМҚК

«Ақ қанат», «Балақан» ортаңғы топтары

Балалардың жасы : 3 жастан бастап

Жоспардың құрылу кезеңі: Қыркүйек – Мамыр айы 2023- 2024 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Музыка	<p>Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл-күйін қабылдау. Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Музыканың сипатын сезіну (ән, марш,вальс)</p> <p>Музыка тыңдау. Келесі дағдыларды қалыптастыру: 1) түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл-күйін қабылдау; 2) түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтау;</p> <p>Ән айту. Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу, ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Келесі дағдыларды қалыптастыру: 1) бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру; 2) әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау. 1. «Ойыншықтар» 2. «Әлди – әлди», «Алтын күз»</p>

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Музыка	<p>Түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтау. Ән айтуда аспаптың сүйемелдеудегі дауысына бейімделу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Музыка тыңдау. Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <p>1) пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялы көңіл күй танытады; 2) балалар аспаптарының, музыкалық және шулы ойын шықтардың дыбысталуын ажыратады.</p> <p>Ән айту. Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу, ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Келесі дағдыларды қалыптастыру:</p> <p>3) әуен сипатына үн қату, оның бөліктерінің өзгеруін байқау; 1. «Жапырақтар сарғайды» 2. «Себеттегі жемістер» 3. «Коян» 4. «Жомарт түлкі»</p>

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қараша	Музыка	<p>Балалар аспаптарының, музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажырату. Әнді айта жүріп қарапайым ырғақты би қимылдарын орындауға үйрену.</p> <p>Жоғарғы және төменгі дыбысталуды ажырату.</p> <p>Музыкаға, бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту; Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру. Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Ән айту. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпалету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақыайту).</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету.</p> <p>Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау.</p> <p>1. «Көңілді машина» 2. « Қоңыр аю қорбаңбай» 3. «Бауырсақтың» әлемі 4. «Қыс қызығы».</p>

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Музыка	<p>- музыкаға, бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту;</p> <p>Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру. Музыка тыңдау. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.</p> <p>Әнайту. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпалету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақыайту).</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бірбірден, жұппен ырғақты қимылдарды орындау. 1. « Тәуелсіз елім» 2. « Жаңа жыл – жаңа нұр» 3. « Шырша тбіндегі сыйлық» 4. « Аққала».</p>

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қаңтар	Музыка	<p>- Музыкаға, бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту;</p> <p>Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру. Музыка тыңдау.</p> <p>Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (барабан, металлофон) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.</p> <p>Әнайту. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Музыкалық-ырғақты қозғалыстар.</p> <p>Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.</p> <p>1. « Көкетай» 2. « Ақшақарлар билейді» 3. « Аю мен түлкі» 4. « Қыстағы әнші құстар».</p>

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	Музыка	<p>Музыкаға, бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту;</p> <p>Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру. Музыка тыңдау. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.</p> <p>Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну.</p> <p>Ән айту. Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.</p> <p>Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.</p> <p>1. «Аспаптар» 2. «Көңіл күй-» 3. » . « Хоки-поки».</p>

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз	Музыка	<p>Балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру, түрлі сипаттағы Музыкалық шығарманы ажыратуға үйрету Үйренген ән, әуендерді есте сақтап, бекіту үшін қолданылады. Әртүрлі көңіл күйдегі әуендерді кіріспесінен немесе үзіндісінен табуға машықтандырады Әнді тыңдауға және жеңіл қозғалуға, шеңбер бойымен тұруға, жүруге дағдыландыру, жануарларға деген қызығушылық, қамқорлық сезімін ояту.</p> <p>Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (барабан, металлофон) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.</p> <p>Балалар әр қимылды санап, ритммен жасау және үйрену.</p> <p>«Балықтар» Мақсаты: Балалардың бойында шапшаңдылықты дамыту Ойынның шарты: Балалар өздерін балықтар болып бейнелейді. Музыка қосылған бойда залды айналып жүзіп жүреді.</p> <p>Музыка тоқтаған бойда алдын ала дайындалған құрсауларға кіріп алулары тиіс. құрсауға үлгермеген балық ойыннан шығады.</p>

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сәуір	Музыка	<p>Көңілді, сабырлы, мұңды музыкалық шығармаларды ажырата білуге үйрету. Есту қабілеттерін дамыту, тапқырлыққа баулу.</p> <p>Жыл мезгілдері туралы ән, әуендерді тыңдап, ерекшеліктерін сипаттай білуге баулу.</p> <p>Баспалдақпен жоғары шығу және төмен түсу арқылы әуеннің бағытын дауыспен айтуға үйрету. Жануарлардың суретін қолдана отырып, балаларды олардың жүрісін, қимылын, дыбыстауын көрсете білуге, шығармашылыққа баулу. Әнді немесе әуенді тыңдап, жануарлар мен төлдерінің жүрісін, қимыл-қозғалысын көрсете білуге, олардың дауыс ырғақтарын ажыратып, еске сақтауға үйрету. Балалардың музыка жанрлары туралы білімдерін дамыту. Әнді, биді, маршты ажырата білуге баулу.</p> <p>«Жаңбыр» Ойынның шарты: Жай музыка қосылған бойда балалар алақандарымен жаңбырдың дыбысын соғу арқылы бейнелейді тез музыка қосылған бойда алақандарымен жаңбырдың құйып жатқандығын білдірулері тиіс музыка сөніп қалған бойда кенет тоқтатулары керек ең соңғы шапалақ ұрып қалған бала өз өнерін көрсетеді.</p> <p>«Дене мүшелері»</p>

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр	Музыка	<p>Балаларды музыканың әртүрлі сипатын ажыратуға баулу (көңілді, ойнақы,сабырлы, мұңды. Шығармалардың көңіл-күйін сезіне білуге үйретеді. Әннің мән мағынасын толық түсіну және де анық сөздерді айтуға тәлім беру. Балаларды дыбыстың ұзақтығын ажырата білуге үйрету.Әуендітыңдап,қысқа және ұзақ дыбыстарды анықтауға баулу. Белгілі әуенге қимылдар жасауға үйрету, тез, ойнақы музыкалар мен жай орындалатын музыкаларды ажыратуға қалыптастыру. Музыкалық жетекші шағын әнді немесе әуенді ойнайды, ол ойнатылғанда әуеннің ритмитикалық суреті анық естілуі тиіс және музыкадағы ұзақ және қысқа дыбыстарды табу керек. Бұл дыбыстарды үлкен және кіші моншақтардың көмегімен бейнелеуге болады. Үлкен моншақтар – бұл ұзақ дыбыстар, кіші моншақтар – қысқа дыбыстар.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Аспаптарды топтастыр» лепбукты қолдана отырып музыка жетекшісінің нұсқауы бойынша аспаптарды орнына жинайды. Мысалы; сыбызғыны ойнағанда үрмелі аспаптарды, барабанда ойнағанда ұрмалы аспаптарды, асатаяқты ойнағанда сылдырлайтын аспаптарды топтастырып орнына жинайды.</p> <p>1.«Кішкентай торғай»</p>